


«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ
НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО
РЕГУЛИРОВАНИЮ И РАЗВИТИЮ
ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 10 қаңтар
Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 8
город Алматы

**Төтенше жағдай енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларды
қолдау шаралары туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №№ 725, 726, 727, 732, 733, 734, 735, 736, 737, 738, 739, 740, 741, 742, 743, 744, 745 Жарлықтарымен Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, банк қарызы мен микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындауына жол бермеу мақсатында,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Төтенше жағдай енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалардың қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынудың қоса беріліп отырған Тәртібі бекітілсін.

2. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциалдық реттеу департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мүдделі бөлімшелерінің, екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, ломбардтарды, кредиттік серіктестіктерді қоса алғанда, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Н.Ә.Абдрахмановқа жүктелсін.

Төраға

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын
реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының
2022 жылғы «10» қаңтардағы № 8 бұйрығымен
бекітілген

**Төтенше жағдай енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалардың
қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі**

1. Осы төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалардың қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №№ 725, 726, 727, 732, 733, 734, 735, 736, 737, 738, 739, 740, 741, 742, 743, 744, 745 Жарлықтарына сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, ломбардтарды, кредиттік серіктестіктерді қоса алғанда, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі – кредиттік ұйым) қолданылады.

3. Тәртіп кредиттік ұйымдар 2022 жылғы 5 қаңтарға дейін жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде жеке кәсіпкерлерге (бұдан әрі – қарыз алушылар) берген банк қарыздары мен микрокредиттерге қолданылады.

4. Кредиттік ұйымдар қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлауының немесе төтенше жағдай кезеңінде келтірілген залалдың объективті себептері болған кезде банк қарызы және

(немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі берешек пен сыйақы бойынша төлемдерді тоқтата тұруды (бұдан әрі - кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру) жүзеге асырады.

Кредиттік ұйым төтенше жағдайдың қарыз алушының қаржылық жағдайына және қызметіне келтіретін әсерін жеке тәртіппен бағалайды.

Кредиттік ұйым кредит бойынша төлемдерді 2022 жылғы 5 қаңтардан бастап, қарыз алушымен келісу бойынша кредиттік ұйым белгілейтін кезеңге оның қаржылық жағдайын бағалау нәтижелері бойынша кейінге қалдыруды ұсынады.

5. Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру себебін қамтитын еркін нысанда жасалған өтініші негізінде ұсынылады.

Өтініш кредиттік ұйымға 2022 жылдың 31 қаңтарына дейін беріле алады.

6. Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру туралы өтінішті (жүгінуді) қарыз алушы кредиттік ұйымға электрондық пошта, «банк-клиент» онлайн-жүйесі, интернет-ресурс, мобильді қосымша, басқа да байланыс құралдары арқылы не қарыз алушы кредиттік ұйымның кеңсесіне жеке келіп бере алады.

7. Кредиттік ұйымдар қарыз алушылардың өтініштерін 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

8. Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру бұрын кейінге қалдырылған төлемдерді қарыз мерзімінің соңына дейін біркелкі бөлу не кейінге қалдыру кезеңіне қарыз мерзімін ұлғайту түріндегі төлемдердің жаңа кестесін не кредиттік ұйым қарыз алушымен келіскен банк қарызы және (немесе) микрокредит шартының талаптарын өзгерту нәтижесінде өзге кестені белгілеу жолымен беріледі.

Кредиттік ұйымның қарыз алушымен келісуі бойынша кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру банк қарызы және (немесе) микрокредит шарттарына және (немесе) субсидиялау және (немесе) кепілдік беру шарттарына қосымша келісімдерге қол қоймай ұсынылады.

9. Тәртіпте көрсетілген шарттарда кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру қарыз алушының кредиттік тарихын нашарлату және қарыз алушы туралы кредиттік бюроларға теріс ақпарат беру үшін негіз болып табылмайды.

10. Кредиттік ұйымдарға өтінішті қарау және банк қарызы, микрокредит және (немесе) кепіл шарттарын және өзге де байланысты шарттарды өзгерту үшін қарыз алушылардан комиссиялар мен өзге де төлемдер алуға тыйым салынады.

Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру кезеңінде кредиттік ұйым осы қарыз алушы бойынша кінәрат-талап қою жұмысын және мерзімі өткен берешекті өтеу қажеттігі туралы қарыз алушыны хабардар етуді тоқтатады.

11. Төтенше жағдай және кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру кезеңінде кредиттік ұйым:

қарыз алушының банк қарызы және (немесе) микрокредит шарттары бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептемейді және төлеуді талап етпейді;

банк қарызы және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі берешек сомасына есептелген және мерзімі өткен сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) капиталдандыруды (жиынтықтауды) жүзеге асырмайды.

12. Кредиттік ұйым интернет-ресурстың басты бетінде және мобильді қосымшада (бар болса):

1) кредиттік ұйымның кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі туралы ақпараттың;

2) қарыз алушылардың қосымша ақпарат алуы үшін телефон нөмірлерінің болуын қамтамасыз етеді.